

## "Нұра аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы

### **Күшін жойған**

Қарағанды облысы Нұра аудандық мәслихатының 2018 жылғы 30 наурыздағы XXII сессиясының № 232 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 18 сәуірде № 4708 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Нұра аудандық мәслихатының 2022 жылғы 13 мамырдағы № 131 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Нұра аудандық мәслихатының 13.05.2022 № 131 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Зандарына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылы агенттігінің төрағасының 2018 жылғы 13 қантардағы № 110 "Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің қызметін бағалаудың кейбір мәселелері туралы" (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 16299 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, аудандық мәслихат ШЕШІМ ЕТТИ:

1. Қоса беріліп отырған "Нұра аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесі бекітілсін.

2. Нұра аудандық мәслихатының 2017 жылғы 11 сәуірдегі 11 сессиясының № 112 "Нұра аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4217 болып тіркелген, 2017 жылғы 22 сәуірдегі № 16 (5513) "Нұра" газетінде, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде 2017 жылдың 25 сәуірінде жариялған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі

**"Нұра аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы  
мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесі**

**1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Заңы 33-бабының 5-тармағына сәйкес "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің (бұдан әрі – "Б" корпусының қызметшілері) қызметін бағалау тәртібін айқындайды.

2. Осы Әдістемеде қолданылатын негізгі ұғымдар:

1) тікелей басшы – дербес бағынысында болып табылатын бағаланушы қызметшіге қатысты тұлға;

2) жоғары тұрған басшы – дербес бағынысты болып табылатын, бағаланушы қызметшінің тікелей басшысына қатысты тұлға;

3) нысаналы мақсатты индикаторлар (бұдан әрі – НМИ) – мемлекеттік органның стратегиялық жоспарына, саяси мемлекеттік қызметшінің меморандумыны "А" корпусы немесе қызметшісінің келісіміне немесе "Б" корпусы қызметшісінің қызметінің ерекшелігіне сәйкес (процесстік жұмысты қоспағанда) белгіленетін, "Б" корпусы қызметшілері қол жеткізген жағдайда олардың қызметінің тиімділігін дәлелдейтін көрсеткіштер;

4) жеке жұмыс жоспары – "Б" корпусы қызметшісінің бағалау кезеңіне НМИ қарастырылған және тікелей басшысымен бірлесіп құрылатын, жоғары тұрған басшымен бекітілген құжат;

5) құзыреттер – нақты мемлекеттік лауазымда кәсіби қызметті тиімді түрде атқару үшін қажетті білімнің, икемнің және дағдылардың жиынтығы;

6) мінез-құлық индикаторы – "Б" корпусы қызметшісінің мінез-құлық және құзыреттер деңгейі көрінісінің сипаттамасы;

3. "Б" корпусы қызметшілерінің қызметін бағалау (бұдан әрі – бағалау) олардың жұмысының сапасы мен тиімділігін айқындау үшін өткізіледі.

4. "Б" корпусы қызметшісінің нақты лауазымға келу мерзімі үш айдан кем болған жағдайда соның ішінде әлеуметтік демалыстан шыққаннан немесе оқуды аяқтағаннан кейін, сондай-ақ сынақ мерзімінде бағалау өткізілмейді.

Бағалауды өткізу кезінде "Б" корпусы қызметшілері еңбек демалысында, жалақы сақталмайтын демалысында, уақытша еңбекке жарамсыздығы кезеңінде,

іс-сапарда немесе тағылымдамада болғанда, сондай-ақ қайта даярлауға, біліктілігін арттыруға жіберілгенде жұмысына қайта кіріскеннен кейін 5 жұмыс күні ішінде бағалаудан өтеді.

5. Бағалауды өткізу үшін "Б" корпусы қызметшісін мемлекеттік лауазымға тағайындауға және мемлекеттік лауазымнан босатуға құқығы бар лауазымды тұлғамен (бұдан әрі - уәкілдегі тұлға) Бағалау жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрылады.

Комиссия құрамы уәкілдегі тұлғамен анықталады, комиссия мүшелерінің саны 5 адамнан кем болмауы тиіс.

6. Бағалау екі жеке бағыт бойынша жүргізіледі:

- 1) НМИ жетістіктерін бағалау;
- 2) "Б" корпусы қызметшілерінің құзыреттерін бағалау.

7. НМИ орындалуын бағалау нәтижелері бонустар төлеу, көтермелеге, ротациялау, мемлекеттік лауазымдардан төмендету немесе босату үшін шешім қабылдауға негіз болып табылады. Құзыреттерді бағалау нәтижелері "Б" корпусы қызметшісінің қажетті құзыреттерін дамытуға негіз болып табылады.

Бұл ретте, құзыреттерді бағалау нәтижелері бонустар төлеуге, көтермелеге, ротациялауға, мемлекеттік лауазымдардан төмендетуге немесе босатуға әсер етпейді.

8. Бағалауға байланысты құжаттар аудандық мәслихат аппарат басшысында бағалау аяқталғаннан кейін үш жыл бойы сақталады.

## 2-тарау. НМИ анықтау тәртібі

9. Бағалау кезеңі басталғаннан кейін 10 жұмыс күні ішінде "Б" корпусы әкімшілік мемлекеттік қызметшісінің НМИ тікелей басшымен жеке жұмыс жоспарында осы Әдістеменің 1-қосымшасына сәйкес нысанда анықталады.

10. Жеке жұмыс жоспары тиісті НМИ әзірленген соң, ол бекіту үшін жоғары тұрған басшының қарауына енгізіледі.

11. "Б" корпусы қызметшісінің тікелей басшысы мемлекеттік органның бірінші басшысы болған жағдайда жеке жұмыс жоспары осы лауазымды тұлғамен бекітіледі.

12. НМИ осы Әдістеменің 16-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келмесе жоғары тұрған басшы жеке жұмыс жоспарын түзетуге қайтарады. Жеке жұмыс жоспарын жоғары тұрған басшының қарауына қайта енгізу, түзетуге жолданған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

13. НМИ:

- 1) нақты (күтілетін оң өзгерістер көрсетіле отырып қол жеткізуге тиісті нәтиже анық белгіленеді);
- 2) өлшемді (НМИ өлшеу үшін нақты критерийлер белгіленеді);

- 3) қолжетімді (НМИ қолда бар ресурстарды, құзыреттер мен шектеулерді ескере отырып белгіленеді);
  - 4) уақытпен шектеулі (НМИ қол жеткізу мерзімі белгіленеді);
    - 5) мемлекеттік органның стратегиялық мақсатын жүзеге асыруға бағытталған болуы тиіс.

14. НМИ саны 5 құрайды.

15. Жеке жұмыс жоспары аудандық мәслихат аппарат басшысында сақталады

### **3-тарау. НМИ жетістігін бағалау тәртібі**

16. Жеке жұмыс жоспарында көрсетілген НМИ жетістігіне бақылау жүргізу мақсатында тікелей басшы НМИ-да белгіленген жетістіктерге тоқсан сайын мониторинг жүргізеді.

Тоқсан сайынғы мониторинг қортындысы бойынша тікелей басшы бағалауға жататын "Б" корпусы қызметшісіне НМИ-ге жету және сол үшін қажетті шаралар бойынша жазбаша ұсыныстар береді.

17. Бағалауды өткізу үшін "Б" корпусы қызметшісінің тікелей басшысы осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес нысанда НМИ бойынша бағалау парагын толтырады және оған қол қояды.

18. Жеке жұмыс жоспарының жүзеге асырылуын бағалау жеке жұмыс жоспары құрылған жыл қорытындысы бойынша НМИ бағалау негізінде келесі тәртіpte жүзеге асырылады.

НМИ барлығы орындалған жағдайда "өте жақсы" баға қойылады.

НМИ санының 5-нен 4-і орындалған жағдайда "тиімді" баға қойылады.

НМИ санының 5-нен 3-і орындалған жағдайда "қанағаттанарлық" баға қойылады.

НМИ санының 5-нен 3-тен азы орындалған жағдайда "қанағаттанарлықсыз" баға қойылады.

НМИ-дің орындалуы жеке жоспарда қарастырылған барлық көрсеткіштердің толық орындалуын көздейді.

19. Бағалау парагы тікелей басшымен толтырылғаннан кейін, ол жоғары тұрған басшының қарауына енгізіледі.

20. "Б" корпусы қызметшісінің тікелей басшысы мемлекеттік органның бірінші басшысы болған жағдайда бағалау парагы оның қарауына енгізіледі.

21. "Б" корпусы қызметшісінің бағалау парагын қарау қорытындысы бойынша жоғары тұрған басшымен келесі шешімдердің бірі қабылданады:

1) бағалаумен келісу;

2) түзетуге жіберу.

22. Бағалау парагы НМИ қол жеткізуін дәлелдейтін фактілердің жеткіліксіздігі немесе дәйексіздігі болған жағдайда түзетуге жолданады.

23. Бағалау парагын жоғары тұрған басшының қарауына қайта енгізу, оны түзетуге жолдағаннан кейін 2 жұмыс күнінен кешіктірмей жүзеге асырылады.

24. Жоғары тұрған басшымен бағалау парагына қол қойылғаннан кейін аудандық мәслихат аппарат басшысы 2 жұмыс күнінен кешіктірмей оны Комиссияның қарауына ұсынады.

#### **4-тарау. Құзыреттерді бағалау тәртібі**

25. Құзыреттерді бағалау тікелей басшымен жүргізіледі және оның нәтижесі бойынша осы Әдістеменің 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша бағалау парагы толтырылады.

26. Бағалау парагын толтыру барысында әр құзырет бойынша "Б" корпусы мемлекеттік лауазымдар санаттары үшін осы Әдістеменің 4-қосымшасымен көзделген мінез-құлық индикторларының жиынтығын басшылыққа алу қажет. Бір құзырет бойынша мінез-құлық индикаторларының саны 10-нан аспайды.

27. Қызметші құзыретінің даму деңгейі бағалау кезеңінде оның қызметінде көрінген мінез-құлық индикторларының санымен келесі тәртіпте анықталады:

1) қызметшінің қызметінде белгілі бір құзыретпен көзделген мінез-құлық индикторларының  $\frac{3}{4}$  немесе одан көбі байқалған жағдайда "күтілген нәтижеге сәйкес" бағасы қойылады.

2) қызметшінің қызметі нақты құзыретпен көзделген мінез-құлық индикторларының  $\frac{3}{4}$ -нен кеміне сәйкес келмесе, бағаланатын құзырет бойынша "күтілген нәтижеге сәйкес емес" бағасы қойылады.

28. Тікелей басшымен бағалау парагына қол қойылғаннан кейін аудандық мәслихат аппарат басшысы 2 жұмыс күнінен кешіктірмей оны Комиссияның қарауына ұсынады.

#### **5-тарау. Бағалау нәтижелерін Комиссиямен қарau және бағалау нәтижесіне шағымдану**

29. Аудандық мәслихат аппарат басшысы Комиссия төрағасының келісімімен бағалауды өткізу кестесін қалыптастырады және бағалауды өткізуге дейін жеті жұмыс күні аралығында бағалауды жүргізетін тұлғаларды бағалау жүргізу туралы хабарлайды.

30. Комиссияның отырысы оның кұрамының кем дегендеге үштен екісі қатысқан жағдайда өкілетті болып есептеледі.

31. Комиссияның төрағасын не мүшесін алмастыру комиссияны құру туралы өкімге өзгертулер енгізу арқылы уәкілетті тұлғаның шешімі бойынша жүзеге асырылады.

32. Комиссияның шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

33. Дауыс беру қорытындысы Комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен айқындалады. Дауыс саны тең болған жағдайда, бағалау жөніндегі комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

34. "Нұра аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесінің аппарат қызметшісі Комиссияның хатшысы болып табылады (бұдан әрі - Комиссия хатшысы). Комиссияның хатшысы дауыс беруге қатыспайды.

35. Комиссия хатшысы Комиссия төрағасымен келісілген мерзімдерге Комиссия отырысының өткізілуін қамтамасыз етеді.

36. Аудандық мәслихат аппарат басшысы Комиссияның отырысына келесі құжаттарды ұсынады:

1) толтырылған бағалау парақтарын;

2) осы Әдістеменің 5-қосымшасына сәйкес Комиссия отырысының хаттамасының жобасын;

37. Комиссия бағалау нәтижелерін қарайды да келесі шешімдердің біреуін қабылдайды:

1) бағалау нәтижелерін бекіту;

2) бағалау нәтижелерін қайта қарау.

38. Бағалау нәтижелерін қайта қарау туралы шешім қабылданған жағдайда Комиссия бағалау нәтижесін түзетіп, оны хаттамасын "Бағалау нәтижелері комиссиямен түзетілуі (бар болған жағдайда)" графасында көрсетіледі.

39. Бағалаудың нәтижелері уәкілетті тұлғамен бекітіледі және осы Әдістеменің 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тиісті хаттамасында тіркеледі.

40. Аудандық мәслихат аппарат басшысы "Б" корпусының қызметшісін бағалау нәтижелерімен ол аяқталған соң екі жұмыс құні ішінде таныстырады.

41. "Б" корпусының қызметшісін бағалау нәтижелерімен таныстыру жазбаша түрде жүргізіледі. Қызметші танысадан бас тартқан жағдайда, еркін түрде акт құрылып, аудандық мәслихаттың аппарат басшысымен және мемлекеттік органның басқа екі қызметшісімен қол қойылған акт толтырылады.

42. "Б" корпусы қызметшісінің танысадан бас тартуы бағалау нәтижелерін оның қызметтік тізіміне енгізуге кедергі болмайды. Бұл жағдайда аудандық мәслихаттың аппарат басшысымен "Б" корпусы қызметшісінің бағалау нәтижесі мемлекеттік органдардың инtranet-порталы арқылы жолданады.

43. "Б" корпусы қызметшісінің Комиссия шешіміне шағымдануы мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органда немесе оның аумақтық департаментінде шешім шыққан күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Шағымдарды қарау қорытындысы бойынша мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган келесі шешімдердің біреуін қабылдайды:

1) мемлекеттік органға Комиссия шешімін жойып, "Б" корпусы қызметшісінің бағалау нәтижесін қайта қарау бойынша ұсыныс беру;

2) "Б" корпусы қызметшісінің бағалау нәтижесін қайта қараусыз қалдыру.

44. "Б" корпусы қызметшісі бағалау нәтижелеріне сот тәртібінде шағымдануға құқылы.

"Нұра аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің  
"Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін  
бағалаудың әдістемесіне

1-қосымша  
Нысан  
"БЕКІТЕМІН"  
Жоғары тұрған басшы

(тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері)  
күні \_\_\_\_\_  
қолы \_\_\_\_\_

#### "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшісінің жеке жұмыс жоспары

##### ЖЫЛ

(жеке жоспар құрастырылатын кезең)

Қызметшінің (тегі, аты, экесінің аты (болған жағдайда)) \_\_\_\_\_

Қызметшінің лауазымы: \_\_\_\_\_

Қызметшінің құрылымдық бөлімшесінің атауы: \_\_\_\_\_

№ п/п	Нысаналы мақсатты индикаторлардың атауы	Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжатының қаи көрсеткішінен туынделеді	Өлшем бірлігі	Жоспарлы мәні	Қол жеткізу мерзімдері	Түйінді нәтиже*

\* Нысаналы мақсатты индикатор қол жеткізуден күтілетін оң өзгерістер Қызметші Тікелей басшы

(тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері) (тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері)

күні \_\_\_\_\_ күні \_\_\_\_\_ қолы \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ қолы \_\_\_\_\_

"Нұра аудандық мәслихатының  
аппараты" мемлекеттік мекемесінің  
"Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік  
қызметшілерінің қызметін  
бағалаудың әдістемесіне  
2-қосымша  
Нысан  
"БЕКІТЕМІН"  
Жоғары тұрған басшы

(тегі, аты-жөнінің бірінші әріпптері)  
күні \_\_\_\_\_  
қолы \_\_\_\_\_

## НМИ бойынша бағалау парагы

(Т.А.Ә., бағаланатын тұлғаның лауазымы)

(бағаланатын кезең)

№ п/п	Нысаналы максатты индикаторларды н атауы	Өлшем бірлігі	Жоспарлы мәні	Нақты мәні	Көрсеткішке қол ж е т т і / корсеткішке қол жетпеді

Бағалау нәтижесі \_\_\_\_\_

(қанағаттанарлықсыз, қанағаттанарлық, тиімді, өте жақсы)

Қызметші Тікелей басшы

(тегі, аты-жөні) (тегі, аты-жөні)

күні \_\_\_\_\_ күні \_\_\_\_\_

қолы \_\_\_\_\_ қолы \_\_\_\_\_

"Нұра аудандық мәслихатының  
аппараты" мемлекеттік мекемесінің  
"Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік  
қызметшілерінің қызметін  
бағалаудың әдістемесіне

3-қосымша  
Нысан

## Күзыреттер бойынша бағалау парагы

жыл

(бағаланатын жыл)

Бағаланатын қызметшінің (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) \_\_\_\_\_

Бағаланатын қызметшінің лауазымы: \_\_\_\_\_

Бағаланатын қызметшінің құрылымдық бөлімшесінің атауы: \_\_\_\_\_

№ р/с	Құзыреттер атауы	Бағалау нәтижелері (күтілетін нәтижеге сәйкес/күтілетін нәтижеге сәйкес емес)	Қызметшіде байқамаган мінез-құлық индикатор атауы (күтілетін нәтижеге сәйкес емес бағасын алған жағдайда)
1	Қызметті басқару		
2	Ынтымақтастық		
3	Шешім қабылдау		
4	Жеделділік		
5	Өздігінен даму		
6	Адалдық		
7	Жауапкершілік		
8	Бастамашылдық		
9	Стресске орнықтылық		

### Қызметші Тікелей басшы

(тегі, аты-жөні) (тегі, аты-жөні)

күні \_\_\_\_\_ күні \_\_\_\_\_

қолы \_\_\_\_\_ қолы \_\_\_\_\_

"Нұра аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесіне

4-қосымша

Нысан

### Құзыреттердің мінез-құлық индикаторлары

Құзыреттер атауы	Мемлекеттік әкімшілік лауазымдар санаты	Тиімді мінез-құлық индикаторлары	Тиімсіз мінез-құлық индикаторлары
		Бөлімшениң қызметін жоспарлау мен қамтамасыз етуге қажетті ақпараттарды жинақтап, талдайды және басшылыққа енгізеді; Сеніп тапсырылған ұжымның жұмысын жоспарлайды және ұйымдастырады, олардың жоспарланған	Бөлімшениң қызметін жоспарлау мен қамтамасыз етуге қажетті ақпараттарды жинақтап, талдамайды және басшылыққа енгізбейді; Сеніп тапсырылған ұжымның жұмысын

ҚЫЗМЕТТИК БАСҚАРУ	E-2; E-3 (құрылымдық бөлімшенің басшысы)	<p>нәтижелерге қол жеткізуіне ықпал етеді;</p> <p>Қызметкерлердің қойылған міндеттердің орындалуы барысындағы қызметіне бақылау жүргізеді;</p> <p>Қызметкерлердің қойылған міндеттердің орындалуы барысындағы қызметіне бақылау жүргізеді;</p> <p>Бөлімше жұмысының нәтижелелілігін және сапасын қамтамасыз етеді;</p>	<p>жоспарламайды және ұйымдастырмайды, олардың жоспарланған нәтижелерге қол жеткізуіне ықпал етпейді;</p> <p>Қызметкерлердің қойылған міндеттердің орындалуына бақылау жүргізбейді;</p> <p>Бөлімше жұмысының нәтижелелілігін және сапасын қамтамасыз етпейді;</p>
	E-4	<p>Басымдылығына қарай тапсырмаларды маңыздылығы ретімен кояды;</p> <p>Басшылыққа сапалы құжаттар дайындауды және енгізеді;</p> <p>Өлшеулі уақыт жағдайында жұмыс жасай алады; Белгілентен мерзімдерді сақтайды.</p>	<p>Тапсырмаларды жүйесіз орындайды;</p> <p>Сапасыз құжаттар әзірлейді;</p> <p>Жедел жұмыс жасамайды ;</p> <p>Белгілентен мерзімдерді сақтамайды.</p>
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ	E-2; E-3 (құрылымдық бөлімшенің басшысы)	<p>Ұжымда сенімді қарым-қатынас орнатады;</p> <p>Бөлімшениң қогаммен тиімді жұмысын ұйымдастыру бойынша ұсыныс жасайды;</p> <p>Бірлесіп жұмыс атқару үшін әріптестерімен тәжірибесімен және білімімен бөліседі;</p> <p>Әрқайсының нәтижеге жетуге коскан үлесін анықтайды.</p>	<p>Ұжымда өзара сенімсіз қарым-қатынас орнатады;</p> <p>Бөлімше және қогаммен тиімді жұмыс ұйымдастыру бойынша ұсыныс жасамайды;</p> <p>Бірлесіп жұмыс атқару үшін әріптестерімен тәжірибесімен және білімімен бөліспейді;</p> <p>Бағыныстағы тұлғалардың нәтижеге жетуге косқан үлесін анықтамайды.</p>
	E-4	<p>Ұжымның жұмысына үлесін қосады және қажет болған жағдайда түсіндірме үшін аса тәжірибелі әріптестеріне жүгінеді;</p> <p>Мемлекеттік органдар мен ұжымдардың өкілдерімен және әріптестерімен қарым-қатынасты дамытады;</p>	<p>Жұмыста тұйықтық ұстанымын білдіреді және түсіндірме үшін аса тәжірибелі әріптестеріне жүгінбейді;</p> <p>Әртүрлі мемлекеттік органдар мен ұжымдардың өкілдерімен және әріптестерімен өзара әрекеттеспейді;</p>

		<p>Талдау барысында пікір алмасады және талқылау нәтижесін ескере отырып, тапсырмаларды орындаиды.</p>	<p>Әріптестерімен мәселелерді талқыламайды.</p>
ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ	E-2; E-3 (Күрылымдық бөлімшенің басшысы)	<p>Бөлімше қызметін ұйымдастыруда тапсырмаларды дұрыс бөле алады;</p> <p>Шешім қабылдауда қажетті ақпараттарды жинауды ұйымдастырады ;</p> <p>Шешім қабылдаудағы тәсілдерді ұжыммен талқылайды;</p> <p>Әртүрлі дереккөздерден алынған мағлұматтарды ескере отырып, мүмкін болатын қауітерді талдайды және болжамайды;</p> <p>Мүмкін болатын қауітер мен салдарларды ескере отырып, құзыреті шегінде шешім қабылдайды.</p>	<p>Бөлімше қызметін ұйымдастыруда тапсырмаларды дұрыс бөле алмайды;</p> <p>Шешім қабылдауда қажетті ақпараттарды жинауды сирек ұйымдастырады;</p> <p>Шешім қабылдаудағы тәсілдерді ұжыммен талқылаудан бас тартады және басқалардың пікірін ескермейді;</p> <p>Әртүрлі дереккөздерден алынған мағлұматтарды ескермейді, мүмкін болатын қауітерді талдамайды және болжамайды;</p> <p>Шешім қабылдау барысында мүмкін болатын қауітер мен салдарларды ескермейді.</p>
	E-4	<p>Қажетті мәліметтерді таба алады;</p> <p>Мүмкін болатын қауітерді ескере отырып, мәселелерді шешудің бірнеше жолын ұсынады;</p> <p>Өзінің пікірін негіздей алады.</p>	<p>Қажетті мәліметтерді таба алмайды;</p> <p>Мүмкін болатын қауітерді ескермейді немесе мәселелерді шешудің альтернативасын ұсынбайды;</p> <p>Негіzsіз пікір білдіреді.</p>
ЖЕДЕЛДІЛІК	E-2; E-3 (Күрылымдық бөлімшенің басшысы)	<p>Жұмыстың жаңа бағыттарын пайдалану жөніндегі ұсыныстарды қарайды және басшылыққа енгізеді;</p> <p>Болып жатқан өзгерістерге талдау жасайды және жұмысты жақсарту бойынша уақтылы шарапалар қабылдайды;</p> <p>Өзгерістерді дұрыс қабылдауды өзінің үлгі өнегесімен көрсетеді.</p>	<p>Жұмыстың жаңа бағыттарын пайдалану жөніндегі ұсыныстарды қарамайды және басшылыққа енгізбейді;</p> <p>Болып жатқан өзгерістерге талдау жасамайды және жұмысты жақсарту бойынша шарапалар қабылдамайды;</p> <p>Болып жатқан және күтілмеген өзгерістер кезінде өзін-өзі бақыламайды.</p>

	E-4	Жұмысты жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізеді; Оларды енгізуінде жана бағыттары мен әдістерін үйренеді; Өзгеріс жағдайларында өзін -өзі бақылайды; Өзгеріс жағдайларында тез бейімделеді.	Жұмыстың колданыстағы рәсімдері мен әдістерін үстанады; Жаңа бағыттар мен әдістерді зерттеп оларды енгізбейді; Өзгеріс жағдайларында өзін-өзі бақылай алмайды ; Өзгеріс жағдайларында бейімделмейді немесе баяу бейімделеді.
ӨЗДІГІНЕН ДАМУ	E-2; E-3 (Күрылымдық бөлімшенің басшысы)	Бағыныстылардың құзыреттер деңгейін жоғарылату бойынша іс-шаралар ұсынады; Мақсатқа жету үшін өзінің құзыреттерін дамытады және оларды бағыныстыларда дамыту үшін шаралар кабылдайды; Бағыныстылармен олардың құзыреттерін, оның ішінде дамуды қажет ететін құзыреттерді талқылайды .	Бағыныстылардың құзыреттер деңгейінің жоғарылауына қызығушылық танытпайды; Мақсатқа жету үшін өзінің және бағыныстыларының құзыреттерін дамытпайды; Бағыныстылармен олардың құзыреттерін талқыламайды.
	E-4	Жаңа білімдер мен технологияларға қызығушылық танытады; Өзіндігінен дамуға үмтүлады, жаңа ақпараттар мен оны қолданудың әдістерін ізденеді; Тәжірибеде тиімділікті арттыратын жаңа дағдыларды қолданады.	Жаңа білімдер мен технологияларға қызығушылық танытпайды; Өзіндігінен дамуға үмтүлмайды, жаңа ақпараттар мен оны қолдану әдістерімен қызықпайды; Өзінде бар дағдылармен шектеледі.
		Белгіленген стандарттар мен нормалардың, шектеулер мен тыйымдардың сақталуын бақылайды; Ұжымның мұддесін өз мұддесінен жоғары қояды; Жұмыста табандылық танытады; Ұжымдағы сыйластық пен сенім ахуалын қалыптастырады;	Ұжымда белгіленген стандарттар мен нормалардың, шектеулер мен тыйымдардың орын алуына жол береді; Өз мұддесін ұжым мұддесінен жоғары қояды; Жұмыста табандылық танытпайды;

АДАЛДЫҚ	E-2; E-3 (Кұрылымдық бөлімшенің басшысы)	Бағыныстылардың іс-әрекетінде шынайылық және әділеттілік принциптерін сактауды қамтамасыз етеді; Риясыздық, әділдік, адал ниеттілік, сондай-ақ, жеке тұлғаның намысы мен абыройына құрмет таныта отырып, бағыныстылары үшін әдепті мінез-құлықтың үлгісі болады.	Ұжымдағы сыйластық пен сенім ахуалын қалыптастырмайды; Бағыныстылардың іс-әрекетінде шынайылық және әділеттілік принциптерін сактауды қамтамасыз етпейді.
	E-4	Белгіленген әдептілік нормалары мен стандарттарына сай кел мейтін мінез-құлықтар танытады ; Өзінің жұмысын адал орындаиды; Өзін адал, қарапайым, әділ ұстайды, басқаларға сыпайылық және биязылық танытады.	Белгіленген әдептілік нормалары мен стандарттарына сай кел мейтін мінез-құлықтар танытады ; Өзінің жұмысын орындау барысында немқұрайлылық білдіреді ; Өзін адалсыз, шамданған және басқаларға дерекілік және менсізбеушілік қасиеттерін танытады;
СТРЕССКЕ ОРНЫҚТАЛЫҚ	E-2; E-3 (Кұрылымдық бөлімшенің басшысы)	Сынға сабырлықпен қарайды және негізді болған жағдайда, кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылдайды.	Сынға сабырсыз қарайды және негізді болған жағдайда, кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылдамайды.
	E-4	Сынға сабырлықпен қарайды және негізді болған жағдайда, кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылдайды.	Сынға сабырсыз қарайды және негізді болған жағдайда, кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылдамайды.
ЖАУАПКЕРШІЛІК	E-2; E-3 (Кұрылымдық бөлімшенің басшысы)	Кұрылымдық бөлімшесі зместін үйымдастыруды жеке жауапкершілігіне алады.	Кұрылымдық бөлімшенің қызметін үйымдастыру жауапкершілігін басқа лауазымды тұлғага артады.
	E-4	Өз ісі мен нәтижелері үшін жауаптылықта болады.	Өз ісі мен нәтижелері үшін жауаптылықты басқа тұлғага артады.
		Қызмет тиімділігін жоғарылатуға бағытталған инновациялық тәсілдерін	Қызмет тиімділігін жоғарылатуға бағытталған инновациялық тәсілдерін

БАСТАМАШЫЛДЫҚ	E-2; E-3 (Құрылымдық бөлімшенің басшысы)	және шешімдерін ендіру бойынша ұсыныстарды талдайды және енгізеді.	және шешімдерін ендіру бойынша ұсыныстарды талдамайды және енгізбейді.
	E-4	Ұсыныстар мен бастамаларын енгізеді және өзінің негізгі міндеттерінен басқа қосымша жұмыстарды орындауды.	Ұсыныстар мен бастамаларын енгізбейді және өзінің негізгі міндеттерінен басқа қосымша жұмыстарды орындауды.

"Нұра аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесіне  
5-қосымша  
Нысан  
"БЕКІТЕМІН"  
Лауазымды тұлға

(тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері)  
күні \_\_\_\_\_  
қолы \_\_\_\_\_

Бағалау жөніндегі комиссия отырысының хаттамасы \_\_\_\_\_  
(мемлекеттік органның атауы \_\_\_\_\_  
) \_\_\_\_\_ ( бағалау мерзімі жыл)

### Бағалау нәтижелері

№ р/с	Қызметшілердің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Бағалау нәтижелері туралы мәлімет	Бағалау нәтижелері комиссиямен түзетілуі (бар болған жағдайда)	Комиссияның ұсыныстары
1.				
2.				
...				

Комиссия қорытындысы: \_\_\_\_\_  
Тексерілді: \_\_\_\_\_

Комиссияның хатшысы: \_\_\_\_\_ Күні: \_\_\_\_\_  
(тегі, аты-жөні, қолы)

Комиссияның төрағасы: \_\_\_\_\_ Күні: \_\_\_\_\_  
(тегі, аты-жөні, қолы)

Комиссияның мүшесі: \_\_\_\_\_ Күні: \_\_\_\_\_  
(тегі, аты-жөні, қолы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және  
құқықтық ақпарат институты» ШІЖКРМК